



БҰЙРЫҚ

2025 жылдың 9 сәуірі
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ *1-03/143*
город Павлодар

**«Үздік қазақ тілі мұғалімі - 2025»
байқауын өткізу туралы**

Білім беру бөлімінің жұмыс жоспарына және ҚР «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 21-30 сәуір аралығында «Үздік қазақ тілі мұғалімі - 2025» байқауы өткізілсін.

2. «Үздік қазақ тілі мұғалімі - 2025» байқауын өткізу туралы ережесі және комиссия құрамы бекітілсін (1, 2-қосымшалар).

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинет меңгерушісі А. Сипатоваға жүктелсін.

Бөлім басшысының м.а.,
басшының орынбасары

Ж. Асаинова

Таныстырылды

Асаинова Ж. М.

«Үздік қазақ тілі мұғалімі - 2025» қалалық байқауының ережесі

1. Жалпы ережелер

«Үздік қазақ тілі мұғалімі – 2025» қалалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) Павлодар қаласы білім беру бөлімінің әдістемелік кабинеті өткізеді.

Байқауға Павлодар қаласының жалпы орта білім беретін мектептері мен мектепке дейінгі ұйым педагогтері, жас педагогтер, педагог-модератор санатындағы қазақ тілі мұғалімдері қатысады. Байқауға қатысу үшін ұсынуды білім беру ұйымдары жүргізеді. Әрбір білім беру ұйымынан бір қатысушыдан (конкурсанттан) жіберіледі.

Байқаудың мақсаты:

ҚР «Тіл туралы» Заңының жүзеге асыру, педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату, өмір бойы білім алуға ынталандыру, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Байқаудың міндеттері:

1. Педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, дарынды педагогтерді анықтау, оларды қолдау және көтермелеу;
2. Оң имиджді қалыптастыру және қазақ тілінің беделін арттыру;
3. Білім беру процесін ұйымдастыруда заманауи технологияларды енгізуді дамыту және қолдау, педагогика ғылымы мен педагогикалық инновациялардың жаңа жетістіктерін насихаттау;
4. Инновациялық педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату.

2. Байқауды ұйымдастыру, тәртібі мен мазмұны

Қалалық байқауға әрбір білім беру ұйымынан **2025 жылғы 1-18 сәуір аралығында** білім беру ұйымы басшысының қолы мен мөрі қойылған өтінім нысан бойынша жіберіледі.

Байқауды өткізу мерзімі: **2025 жылғы 21-30 сәуір аралығында.**

Байқау 2 кезең бойынша өткізіледі.

1 кезең: Pitch-«Педагог-инноватор» презентациясы.

2 кезең: Ашық сабақ.

3. Байқауды өткізу тәртібі

I КЕЗЕҢ. Pitch-презентация «Педагог-инноватор» презентациясы (ен жоғарғы ұпай саны-20), **2025 жылғы 21-22 сәуір** аралығында өткізіледі. (**T1 қазақ мектебі- 21 сәуір, T2 орыс сыныптарындағы қазақ тілі мұғалімдері 22 сәуір және мектепке дейінгі ұйым педагогтері 23 сәуір күні**)-өздерін және өз мамандықтарын, инновациялық идеяларды, педагогикалық тәжірибені жинақтау материалдарын, жұмыс нәтижелерін ұсынады. Өз жасаған презентацияларын

қорғайтын болады, сөйлеу уақыты - 10 минут.

Бағалау критерийлері (әр критерий үшін 5 ұпай):

1.Баяндама мазмұнының өзектілігі, жаңашылдығы, өз тәжірибесінің объективті арқылы тақырыпты ашу-**5 ұпай**.

2.Ұсынылған тәжірибенің тиімділігі (тиімділік, оқытуда жаңа тәсілдерді енгізудің оңтайлылығы, тұрақты жоғары көрсеткіштер және т.б.)-**5 ұпай**.

3.Шығармашылық, презентацияның өзіндік ерекшелігі, презентация мәдениеті-**5 ұпай**.

4.Шешендік өнер, сөйлеуді меңгеру мәдениеті, уақытты басқару-**5 ұпай**.

II КЕЗЕҢ Білім беру ұйымында пән бойынша сабақты ұйымдастыру (ең жоғарғы ұпай саны – 80 ұпай).

Ашық сабақ жаңартылған білім беру мазмұны бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы қатысушының таңдауы бойынша қабылданады және 45 минутты құрауы керек. Мектепке дейінгі ұйымның қазақ тілі мұғалімдері ересек немесе мектеп алды тобында ұйымдастырылған іс-әрекетті көрсетеді **28 сәуір (қазақ мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті Т1)** және **30 сәуір күндері (орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті Т2)** педагогтер.

Павлодар қаласының Малайсары батыр атындағы және № 14 жалпы орта білім беру мектебінде бейтаныс сыныпта ашық сабақтарын және МДҰ қазақ тілі мұғалімдері 29 сәуір күні ұйымдастырылған іс - әрекет сабақтарын өткізетін болады.

Мақсаты: оқу процесін ұйымдастырудағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін бағалау.

Сабақты бағалау критерийлері (әр критерий үшін 10 ұпай):

1. Күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді (зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған, білім алушылардың қажеттіліктері ескеріледі).

2. Педагог білім алушыларды сабақтың мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді қоюға тартады.

3. Сабақтың әр кезеңінде мұғалім барлық оқушыларды белсенді оқытуға тартады.

4. Оқу материалын зерделеуді ұйымдастыру кезінде педагог білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруын қамтамасыз етеді.

5. Сабақ барысында мұғалім АКТ ресурстарын пайдаланады:

- білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін өзінің цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады;

6. Мұғалім әр оқушының оқу мақсаттарына жету барысын бақылайды.

7. Педагог білім алушыларды бағалау процесіне тартады.

8. Педагог білім алушыларға сындарлы кері байланыс беру үшін жағдай жасайды.

МДҰ қазақ тілі мұғалімдерінің ҰІӘ бағалау критерийлері:

- Іс-шараның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеруге бағытталуы (10 балл);

- қойылған мақсаттар мен міндеттердің алынған нәтижелерге сәйкестігі (10 балл);

- әдістемелік құзыреттілік: форманың, мазмұнның, әдістердің және тәсілдердің балалардың жасына сәйкестігі (10 балл);

- әдістемелік құзыреттілік: форманың, мазмұнның, әдістердің және тәсілдердің балалардың жасына сәйкестігі (10 балл);
 - балалар тобын таңдалған мазмұнмен және қызмет түрімен қызықтыра білу (10 балл);
 - топ балаларының өзара іс-қимылын/ынтымақтастығын ұйымдастыру (10 балл);
 - балалардың белсенділігін есепке алу және қолдау (10 балл);
 - жалпы мәдениет, мұғалімнің қарым-қатынас мәдениеті (10 балл);
 - педагогтің шығармашылық қабілеттері (10 балл).
- Максималды балл саны - 80 балл.

4. Байқаудың қорытындысын шығару

1. Байқау финалының қорытындысын қазылар алқасы шығарады.
2. Байқаудың қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар тағайындалады:
Бас жүлде (максималды балдан 90-100%)
 I орын (максималды балдан 80-89%);
 II орын (максималды балдан 70-79%);
 III орын (максималды балдан 60-69%).
Үш номинация («Үміт», «Ізденімпаз мұғалім», «Креативті педагог») айқындалады.
3. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломмен марапатталады.

**«Үздік қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі – 2025»
қалалық байқауына өтінім
(Excel онлайн бағдарламасында)**

№ р/с	Мектеп, ұйымның атауы	Аты-жөні, тегі (толық)	Санаты	Мамандығы бойынша педагогикалық өтілі	Байланыс телефоны
1					